

3. Pete Hautman, Michael L. Penn, Rahel Nardos, William S. Hatcher, Mary K. RadpourRowman & Littlefield. *Overcoming Violence Against Women and Girls: The International Campaign to Eradicate a Worldwide Problem*, 2003.
4. Parvin Ardalan and Noushin Ahmadi Khorasani. "Senator: the Work of Senator Mehrangiz Manouchehrian in the Struggle for Legal Rights for Women", Tehran, 2003.
5. Parvin Paidar. *Women and the Political Process in Twentieth-Century Iran*, 550 p.
6. www.cultureofiran.com. *Women's Movements in Iran, 1850 – 21st Century*
7. *A Brief History*, 2009
8. Roja Fazaeli. *Islamic Feminisms: Rights and Interpretations Across Generations in Iran*, Routledge, Nov 10, 2016
9. Sanasarian, Eliz (1982). *The Women's Rights Movements in Iran*. New York: Praeger.

ӘОЖ 395

САРАЙ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ «ТА'АРОФ»

Курбанбаева Алтыnguль Мейрмановна

altin-ai78@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
Шығыстану кафедрасының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Тулеубаева С.

Иран – көне мәдениет пен өркениет бесігі. Иранның мәдениеті мен өнері бірнеше мың жылдық даму жолынан өтті. VI-VII ғасырларда арабтар жаулап алғанға дейін де Иран бай мәдениетке ие ел болған. Сарай мәдениеті туралы айтар болсақ, Иранда сарай мәдениетінің ортағасырлардан бастап емес, ежелден болғанын тарихи ескерткіштерден көруге болады.

Ахеменидтер әулетінің билеушілері басқарған ежелгі Парсы мемлекеті ежелгі Шығыс тарихында үлкен рөл атқарды. Ахеменидтер империясының құдыреті б.з.д. V ғасырда шарықтай түсті. Оның құрамына Мидия, Армения, Ассирия, Вавилония мен Сириядан басқа, Кіші Азия, Мысыр және Орта Азияның бөліктері құрамына кіріп, шекаралары Үндістан шекараларына дейін созылды. Ахеменидтік мәдениеттің жасалуына бактриялықтар, хорезмдіктер, соғдылар мен сақтар сияқты Орта Азия халықтары да үлкен рөл атқарды. Мүсіндермен, тақтайшалар мен жалтыраған бөлшектерден жасалған түрлі-түсті әшекейлермен әдемі безендірілген жарқыраған сарай сәулеті империяның күші мен ұлылығын дәріптеді. Әлемдік мұраға қосылған «Пасаргад» кешені Ахеменидтер заманынан қалған ежелгі ескерткіштердің бірі болып табылады. Ал, бүгінде «Тахт-е Жәмшид» деп аталатын Персеполис – ежелгі Иранның ұлы туындыларының бірі. Бұл ескерткіш б.з.д. V ғасырда осы аймақта өмір сүрген халық өнерінің салтанатын еске салады. Американдық тарихшы Вилл Дурант өзінің «Шығыс жерлері – өркениеттің бесігі» атты кітабында: «Ежелгі заманның ең салтанатты ескерткіші Персеполистің тас баспалдақтары мен бағандары болып табылады. Әлемнің сәулет тарихында бұған ұқсас ескерткіш жоқ», – деп жазды [1].

Иранның сәулет өнерінен сарай мәдениетінің ежелгі заманнан бері болғандығын көреміз. Ал ислам дінінің таралуымен, екі ғасыр үнсіздіктен кейін сарай мәдениеті мен парсы әдебиеті дамыды. Әсіресе, Саманилер әулеті жүз жылдан аса билік құрған жылдары мәдениет пен руханият жаңа сатыға көтерілді. Саманилер өз қуаты мен ықпалын арттыру құралы ретінде халық жоғары бағалаған поэзияның ролін түсінді және көркем сөздің тек сарайлық ортада ғана емес, халық арасында да құрметтелуіне жол ашты. Сарай ақындары патшаны мадақтаған бір өлең шығарған сәтте-ақ, өлең ауыздан-ауызға көшіп, халық арасында кең тарайтын. Осылайша, сарай мәдениеті ирандық «та'ароф» феноменінің қалыптасуына өз ықпалын тигізді [2, б. 42].

Арабтардың жаулап алуы және иран тілді халықтардың ислам дініне жаппай енуі (VII–VIII ғғ.) – идеологиясы исламдық емес пехлевилік жазудың жойылуына және тез арада этносаралық тілдің мәртебесіне ие бола бастаған жаңа ауызша парсы тілінің таралуына әкелді. Жаңа парсы тілі өзінің алғашқы екі ғасырында ресми түрде жазуы жоқ болды. Исламға бет бұрған ирандық ақсүйектер, сондай-ақ зияткер және шығармашыл элита араб тілін әртүрлі мазмұндағы поэтикалық және прозалық туындыларды жазу үшін қолданды. Парсы жазба әдебиеті, іс жүзінде тек IX ғасырдың соңында сарай поэзиясы түрінде пайда болды.

Орта ғасырларда әртүрлі поэтикалық жанрлардың дамуына қарамастан, негізгі жанр панегирик болып қала берді, бұл ақынның қоғамдағы жаңа орнымен байланысты еді. Егер исламнан бұрын ақын ең алдымен өз тайпасының мүддесін қорғаушы болса, халифат кезінде ол – қожайынының шынайы немесе қиялдағы қасиеттерін жырлайтын ақылы панегирист болды. Мұндай «ақылы» шығармашылық ақыннан шынайылықты қажет етпеді, тек әдемі сөйлеу қабілетіне ие болса болды. Осы себепті, сол дәуірдегі поэзия сыншылары мен әуесқойлары поэзияның мазмұны мен формасын бағалағанда, поэзияның формасына басымдық берді. Осы жерде айта кетерлігі, сарай ақындарының «ақылы» шығармашылығы, ақылы болғандықтан, шынайылықты қажет етпеуі, тек әдемі көркем сөздермен билеуші патшаларды мадақтауы «та'арофтың» қазіргі мазмұнын көрсетеді.

Осылайша «та'ароф» феноменінің болымды және болымсыз қырлары қалыптаса бастады. Шынайылықты қажет етпеу, әсірелеп сөйлеу, асыра мадақтау «та'арофтың» болымсыз жағы деуге болады. Ал, біздің пайымдауымыз бойынша, «та'арофтың» алғы шарты болып табылатын зороастризм ілімінің тәрбиелік мәні, яғни адамның ішкі жан-дүниесіндегі жақсылық пен жамандықтың күресі, жақсы сөз, жақсы ой мен жақсы істің адамның іс-әрекетінің басты критерийі болуы – «та'арофтың» болымды қыры деуге болады. Ал, сарай ақындары қалыптастырған «та'ароф» – билеушіні мадақтаудың, оның мәртебесін ұлықтаудың нәтижесі, билеушіге жағынудың көрінісі болып табылады.

Бұл кезеңдерде сарай мәдениетінде ресми хаттар ерекше маңызға ие болды. Ресми хат алмасуларда міндетті түрде қолданылатын «та'ароф» сөздерінің белгілі бір қалыпқа түсуі осы кезеңдерден басталса керек.

Халифаттың алғашқы онжылдықтарында іскер хат алмасу «тарассул» жанры ретінде пайда болған прозаның, көп ұзамай мемлекеттік аппаратта әкімшілік функцияларды орындауға шақырылған адамды тәрбиелеу құралына айналғандығын айта кеткен жөн. Сонымен, бұл прозаның жалпы атауы пайда болды – ادب «әдаб» (көпше түрі ادبیات «әдабиат» яғни әдебиет). Әдаб – «тәрбие», «білім» деген мағынаны білдіреді. Білімді адам – тәрбиелі адам, ал тәрбиелі адам – ол әдепті адам. Қазақ тіліндегі әдеп, әдептілік яғни тәрбиеліліктің түп-төркіні осы сөз. Осы жерде әдаб сөзінің «та'арофпен» тікелей байланысын көруге болады. Өйткені «та'арофтың» басты мақсаты – адамның қаншалықты әдепті, тәрбиелі екендігін көрсету.

Ең көрнекті әдаб шеберлері деп парсылар Ибн әл-Мукаффа (шамамен 720–757) және ат-Тануха (940–994), басрылық аль-Джахиз (775–868), андалуздықтар Ибн Абд Раббихи (860–940) және Ибн Хазмды (994–1063) атауға болады [3, б. 108].

Ақындар сөз өнерінде исламның әсерін қабылдамай, ежелден дамыған рухани құндылықтарды сақтауға ұмтылды. Ұлттық болмысын жоғалтпау жолында күрескен ирандықтар халифтарға қарсы қозғалыстар ұйымдастырды. Солардың ішіндегі ең ірі қозғалыс – شعوبیه «шуубия» ағымы болды. Бұл ағымның бастауында ең көрнекті әдаб шебері ибн әл-Мукаффа (ابومحمد عبدالله ابن مقفع), негізгі есімі Рузбех Пур Дадвие (روزبه پور دادويه) тұрды. Әл-Лахики, ибн Ясар, ибн Бурд Тохаристани сынды ақындар араб тілінде, араб өлеңі үлгісінде жырлай отырып, парсы поэзиясы мен мәдениетін дәріптеді. Көптеген парсы шуубиттер өз дінін зороастризмді сақтады. Шуубит жазушылары өз көзқарастарын білдіре отырып, кейде арабтарды ашық түрде мазақ етіп, оларды жабайы, надан және негізсіз тәкаппар деп айыптады және ежелгі парсылардың даналығы, ирандықтардың білімділігі мен тәрбиелілігін, Сасанид мемлекетінің күші мен оның даңқты тарихын дәріптеді. Яғни,

осы жерде исламның келуімен, ирандық мәдениеттің жоғалып кетпегенін, парсылардың өз мәдени-рухани құндылықтарын сақтағанын көруге болады. Демек, ислам діні тарағанымен, ежелгі діни наным-сенімдері негізінде пайда болған «та'ароф» сынды этикалық құндылықтар ирандық менталитетте ғана сақталып қалды деп пайымдауға болады. Осы орайда, парсы жазушысы және пехлеви тіліндегі еңбектерді араб тіліне аударған аудармашы, ғылыми ойдың көрнекті өкілдерінің бірі Ибн әл-Мукаффаға жеке тоқталып өтсек. Себебі, Ибн әл-Мукаффа парсылар үшін өтпелі болған кезеңде халықтың мәдениетіне зор үлес қосқан тұлға.

Омеядтар халифы Абдель-Малик (685-705) араб тілін халифаттың мемлекеттік тілі деп жариялаған кезден бастап, бұрыннан келе жатқан ирандық ақсүйек өкілдері мемлекеттік лауазымдарға көтеріле бастады. Олар өз ұлдарын араб тілін және ежелгі араб поэзиясын жақсы білетін мамандардан оқытты. Олардың арасынан «адибтардың» көпшілігі – маңызды мемлекеттік құжат әзірлеуді және жазуды білетін білімді адамдар шықты. Солардың бірі – ибн әл-Мукаффа болды. Ибн әл-Мукаффаның бірнеше еңбектері ғана бізге жеткен. Биографтардың айтуы бойынша, ол «Рисалату-с-сахаба» رسالة الصحابة – «Пайғамбар сахабалары туралы жолдау» атты үлкен кітаптың авторы. «Рисалату-с-сахаба» – саяси экономика туралы трактат, онда ол «қоластындағылардың әл-ауқатын арттыру үшін мемлекетті қалай басқару керек екенін» айтқан. Ибн әл-Мукаффа көптеген кітаптарды орта парсы тілінен араб тіліне аударған. Оның «Үлкен әдаб кітабы» الأدب الكبير-سخنورى بزرگ және «Кіші әдаб кітабы» الأدب الصغير - سخنورى خرد атты еңбектері аса танымал болды. Ибн әл-Мукаффа ақсүйектердің ізгілік қасиеттерін тәрбиелеу арқылы қарапайым халықтың да мінез-құлқын жақсарту және мемлекетті басқару өнері туралы бірнеше еңбектер жазды. Ибн аль-Мукаффа керемет аудармашы болған. Ол Хосроу Ануширванның өмірі мен қызметі туралы «Тәж кітабы» (تاجنامه انوشیروان), «Жақсы әдептің айнасы» (آیین نامه) мен Сасанидтер дәуіріндегі өте маңызды тарихи еңбек болып табылатын «Ежелгі парсы патшаларының өмірбаяны» (کتاب شاهان) атты шығарманы араб тіліне аударды. Ал «Калила мен Димна» کلیله و دمنه аудармасы оның аудармашылық өнерінің шыңы болды.

Ибн әл-Мукаффа «Үлкен әдаб кітабы» және «Кіші әдаб кітабы» еңбегінде саналы адамның мінез-құлқына белгілі бір философиялық және этикалық нормаларды беруге тырысып бақты. Құндылықтардың тез өзгеріп жатқан кезеңінде, қалыптасып келе жатқан араб-мұсылмандық мәдениетінде ұлттық және мәдени қарама-қайшылықтар туындап жатқан кезеңде сол кездегі адамдар үшін қандай-да бір бағдар болуы керек еді. Мемлекеттің этникалық және діни-философиялық элементтерін ретке келтіретін, соғыстар мен көтерілістер жиілеп кеткенде «моральды жұмсартатын» этикалық философия қажет еді. Шығыс философтары «адамзаттың барлық қиыншылықтары мен бақытсыздықтарының себебін ақылсыздықта, адам болмысының жетілмегендігінде» – деді және «оны түзетумен біртіндеп әлемде билік ететін зұлымдық жойылады» – деп сенді. Ибн әл-Мукаффа «өзінің іс-әрекеттерін үнемі қадағалап, өз іс-әрекеті туралы дұрыс ойланатын және оларды саналы түрде бағалайтын, жаман істерден аулақ болуға және жақсылық жасауға тырысқан адам ғана кемелділікке қол жеткізе алады» дейді [3, б. 113].

Шығыстың орта ғасырлардағы мәдени қайраткері, ағартушы-рационалист, еркін ойлаушы-философ Ибн әл-Мукаффа «Калила мен Димнаның» аудармасының алғы сөзінде қандайда бір нақты сенімді таңдамағанын, бірақ кез-келген сенімге қайшы келмейтін жақсы нәрсені, яғни кемелдікке ұмтылған барлық адамдар үшін ортақ синкретикалық этикалық-философиялық ілімді таңдағанын айтады. Ибн әл-Мукаффа алғашқылардың бірі болып араб-дидактикалық прозада басты орын алатын «күлдіре отырып – үйрету» қағидатын жариялап, ирандық-эллинстік дәстүрді және сол арқылы үнді дәстүрін араб жеріне жеткізді. Бұл проза ортағасырлық араб әдебиетінің «әдаб» деп аталатын саласын құрайды. «Әдаб» сөзінің мағынасы өте кең. Жоғарыда айтып өткеніміздей, «әдаб» ең алдымен, өзін-өзі ұстай білу, әдептілік пен тәрбиелілік, содан кейін білімді адамның қалыптасуына ықпал ететін нәрсе – әдебиеттің немесе әдеби жалпы гуманитарлық білімнің белгілі бір жиынтығы. Ибн әл-Мукаффа көркем сөздің міндеті – адам табиғаты мен мінез-құлқын түзету деп санаған.

Қорыта айтқанда, сарай мәдениетіне өзіндік үлес қосқан ибн әл-Мукаффа сынды тұлғалардың ой-пікірлерінің халық арасында «та'арофтың» түпкілікті қалыптасуына әсер еткенін көреміз. Өйткені, олар көркем сөз бен адам мінез-құлқының көркемдігінің байланысын дәріптеді.

Парсы әдебиетінде мол мұра қалдырған парсы ақындары да «та'арофтың» қалыптасуына зор үлес қосты. Классикалық парсы әдебиетінің басталуы Рудаки бастаған Бұхарадағы ақындардың есімдерімен және ежелгі Иран мифологиясы мен ерлік аңыздарын және ерте орта ғасырлардағы Иран мемлекетінің тарихынан алынған мәліметтердің әдеби тұрғыдан өңделген түрі болып табылатын «Шахнаме» эпикалық поэмасының авторы Фирдоусидің еңбектерімен байланысты. Солардың ішіндегі бірегейі, ирандықтардың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін Фирдоусидің «Шахнамесінің» мәтінін әртүрлі сала ғалымдары – лингвистер, тарихшылар, мәдениеттанушылар поэтикалық шығарма ретінде ғана емес, сонымен бірге исламға дейінгі Иран мәдениеті туралы бай ақпарат көзі ретінде зерттейді. Неміс ғалымы Юрген Элерс атап өткендей, «Шахнаме» – Иранның исламдық тарихы мен мәдениетін исламға дейінгі дәуірмен байланыстыратын маңызды еңбек». Поэмада әр түрлі династиялар патшаларының билік ету тарихы ғана емес, сонымен бірге олардың кейіпкерлерінің қарым-қатынастары, соның ішінде эпистолярлық қарым-қатынасы баяндалады. Хат алмасу – шығарма көлемінің маңызды бөлігін шамамен 10 мың жолды, яғни мәтіннің шамамен 10% қамтиды. «Шахнамедегі» хат-жолдаулардың маңызы сөзсіз, өйткені, ақын мұнда арабтар жаулап алғанға дейінгі соңғы ғасырлардағы тарихи тұрғыдан нақты болған деректерге сүйене отырып, Сасанидтер дәуіріндегі эпистолярлық қатынастың мәдени және тарихи тұрғыдан маңызды көрінісін береді.

«Шахнамедегі» хаттардың көпшілігі ақсүйектер (билеушілер, сарай маңындағылар, қолбасшылар және т.б.) арасындағы хаттарды құрайды. «Шахнамеден» алынған «жазбаша» жолдауларға талдау жасай отырып, олардың ресми формасын анықтадық. Барлық хат жолдаулардың бір формасы бар – жолдаудың басталуы мен аяқталуы. Оларда қазіргі парсы жазба тіліндегі «та'арофтың» алғышарттарын көреміз. Бұл форма белгілі бір құрылымға ие және «Шахнамедегі» жолдаулардың 50% -нан астамы оның элементтерінің кем дегенде біреуінен тұрады. «Шахнамеде» хаттардың кіріспе бөлімінде кездесетін элементтер:

- 1) Жаратушыны мадақтау
- 2) хатты арнаған адамға қаратып жазу.
- 3) адресатты мадақтау (ерекше жағдайларда, адресатқа сын айту)
- 4) адресатқа ізгі тілектер тілеу.

Мысалы, Туран патшасы Арджасптың парсы патшасы Гуштаспқа жолдаған хатында «Кеян тағына лайықты жер патшасы батыр Гуштаспқа, Лухрасп патшаның таңдаулы, үлкен ұлы, әскерлердің иесі және тақтың сақтаушысы, Уа, әлемнің даңқты әміршісі, Шахиншахтардың нұрлы тәжі! Басыңыз жас, дендеріңіз сау болсын, патшаларыңыздың белдері әлсіремесін!» деген мадақ сөздер қолданылған [4, б. 74].

«Шахнамедегі» хат алмасудағы дәстүрдің сасанидтік дәстүрмен байланысы бар. Ал, Сасанидтер мәдениеті өзінен бұрынғы Ахеменидтер мен Парфян дәуірлерінің эпистолярлық дәстүрлерінің көптеген белгілерін өзіне мұра етті.

Кез-келген адамның тұлғасы, дүниетанымы, ғылыми және діни көзқарастары өзі дүниеге келген әлеуметтік-мәдени ортаның әсерімен қалыптасады. «Ақындардың атасы» атанған Рудаки «сұлулық пен мейірімділік әрдайым қатар тұрады, тек мейірімді адам ғана сұлулықтың иесі» деген идеяны бірнеше рет айтқан [5, б. 84].

Рудаки жақсылық жасайтын, қарапайым өмір сүретін, өзгелердің намысына тимейтін адамды جوانمرد (батыр/ер), текті, кемелді және керемет адам деп санайды.

Қорыта айтқанда, парсыларға тән мәдени құбылыс «та'ароф» сарай мәдениетімен сабақтаса отырып, ирандықтардың этнопсихологиясында толыққанды қалыптасты. Ежелгі ирандықтар қарым-қатынас рәсімдеріне ерекше көңіл бөлген. Ирандықтар падишахқа, қарияларға, ата-анаға құрмет көрсету, сондай-ақ, сөз сөйлеу әдебін, тамақтану мен сыйлық беру рәсімдерін бір-бірімен байланыс жасауда ғасырлар бойы сақтап отырған.

Сарай мәдениеті ирандық менталитеттің ерекше қыры болып табылатын «та'арофтың» қалыптасуына тікелей әсер етті. Әрине, біріншіден ирандықтардың рухани және мәдени өмірінің тарихын зерделеп қарайтын болсақ, халықтың тәрбиелеу дәстүрлері, оның ішінде еш жерде жазылмайтын сыпайылық этикеті «та'арофтың» арийлік өркениет пен зороастризм ілімдерінен бастау алатынын көруге болады. Кез-келген халықтың мәдениеті мен ұлттық болмысының қалыптасуына діни наным-сенімдер әсер етеді. Ирандықтардың философиялық ұстанымдары мен діни-наным сенімдері Иран мәдениетінде «та'арофтың» пайда болуына ықпал етті. Екіншіден, сарай патшаларының қуаты мен ықпалын арттыру құралы болған, халық жоғары бағалаған поэзия мен көркем сөз «та'арофтың» халық арасында жаңа сипатқа ие болуына әсер етті деп пайымдауға болады. Ғасырлар бойы әртүрлі факторлар, әсіресе сарай мәдениеті мен сарай ақындарының поэзиясы «та'ароф» қолданысының аясын кеңітті және оның алғашқы ішкі мәніне өзгерістер енгізіп, ирандықтардың этнопсихологиялық ерекшелігін қалыптастырды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лосева И., Дьяконов М. Искусство Древнего Ирана // [электрон. ресурс].-URL: <http://artyx.ru/books/item/f00/s00/z0000000/st039.shtml> [алынған күні: 20.01.2020 ж.]
2. Хайдаров Б.К. Саманилер әулеті және осы әулеттің ғылым мен мәдениеттің дамуына қосқан үлесі // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №1 (46), 2009, 40-44 б.
3. Зеленев Е.И., Касевич В.Б. Введение в востоковедение. Санкт-Петербург, 2010, 569 с.
4. Лахути С.В. Формальная рамка писем в «Шах-наме»: между персидской доисламской и арабо-персидской традициями // Вестник РГГУ. Серия «Литературоведение. Языкознание. Культурология». 2015, №8. С. 30-43.
5. Маллаев Р.К., Рахимова Н.Х. Некоторые философско-этические и эстетические взгляды Абу Абдуллаха Рудаки// Вестник Таджикского государственного университета права, бизнеса и политики. Серия гуманитарных наук. Худжант, 2014. С.124-131.

УДК 7.033/.038

РАЗВИТИЕ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА ЯПОНИИ В ЭПОХУ МЕЙДЗИ КАК ОТРАЖЕНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ РЕАЛИЙ

Лекерова Сауле Ермаковна

saule.lekerova17@gmail.com

Магистрант I курса кафедры востоковедения,
факультета международных отношений ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,

Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель – Б.Ж. Абжаппарова

Искусство на протяжении всей истории являлось зеркалом общества. В нем отражались политические события, волнения людей, общественные идеалы и перемены в социуме. Художник, являясь такой же частью общества и гражданином той или иной страны, может передать свои ощущения произведению. В то же время, художник как творец имеет так называемый «социальный заказ». Под этим понятием подразумевается то, в каждой стране в каждый период времени существует определенная общественная парадигма, и зачастую в истории остаются именно те художники, которые ей соответствуют [1].

Изучение искусства в качестве зеркала общественных настроений есть и будет актуально всегда. В искусстве человек имеет возможность выразить свои мысли и позицию добровольно, поэтому отслеживание социальных изменений через предметы творчества может дать исследователям представление о каком-либо периоде истории с другого ракурса. Искусство может дать нам сведения о духовных, политических и экономических